

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 13/8-VII "2022-2024 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қарасу ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 29/2-VII шешімі

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 13/8-VII "2022-2024 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қарасу ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 164016 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Қарасу ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1-қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 46 354,4 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 4 648,6 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 240,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 41 465,0 мың теңге;

2) шығындар – 46 043,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 154,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 154,9 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары – 1 154,9 мың теңге.";

3 – тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. 2022 жылға арналған Тарбағатай ауданы Қарасу ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 1 850,0 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай аудандық мәслихатының хатшысы

А. Боғырбаев

Тарбағатай
аудандық мәслихатының
2022 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 29/2-VII шешіміне қосымша
Тарбағатай
аудандық мәслихатының
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 13/8-VII шешіміне 1-қосымша

2022 жылға арналған Қарасу ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы (мың теңге)
		Кіші сыныбы		
		Атауы		
			I. КІРІСТЕР	46 354,4
1			Салықтық түсімдер	4 648,6
	01		Табыс салығы	1 626,1
		2	Жеке табыс салығы	1 626,1
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 788,9
		1	Мүлікке салынатын салықтар	206,8
		3	Жер салығы	31,6
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 550,1
		5	Бірыңғай жер салығы	0,4
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	233,6
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	233,6
2			Салықтық емес түсімдер	240,8

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттердің түсімдері	41 465,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	41 465,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	41 465,0

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	46 043,9
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	38 495,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	38 495,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38 495,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін	38 495,0

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 948,9
	3			Елді-мекендерді көркейту	6 948,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 948,9
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 854,9
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 094,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	100,0
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	100,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	100,0
12				Көлік және коммуникация	500,0
	1			Автомобиль көлігі	500,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	500,0

			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500,0
				III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ	0,0
				Бюджеттік кредиттер	0,0
	5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
				IV. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0,0
				Қаржы активтерін сатып алу	0,0
	6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
				V. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-1 154,9
				VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	1 154,9
	7			Қарыздар түсімдері	0,0
16				Қарыздарды өтеу	0,0
	8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 154,9

		01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 154,9
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 154,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК